



Маңғыстау облысы әкімдігінің
2018 жылғы «29» тамыз
№ 213 қаулысымен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТ. МИНИСТРЛІГІ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІСТ. ДЕПАРТАМЕНТІ
АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІСТ. БАСҚАРМАСЫ

2018 ж. «12» жоғон
3-дәрежелі мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
№ 3715-1943-01-МҚ К/СЛК ЖӘНЕ
БОН 990840003255
АСТАУШЫ ТРИСТЕР БОН 18.08.1999ж

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
«Халел Өзбекғалиев атындағы
Маңғыстау политехникалық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдық-құқықтық нысаны:

мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Мемлекеттік меншік түрі:

коммуналдық

Құрылтайшысы:

Маңғыстау облысының әкімдігі

Орналасқан жері:

130000, Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
ЗБ шағын аудан, 11 ғимарат

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысы Білім басқармасының «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 135 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – құрылтайшы) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Маңғыстау облысының білім басқармасы (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының білім басқармасының «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Мангистауский политехнический колледж имени Халела Озбекгалиева» Управления образования Мангистауской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3Б шағын ауданы, 11 ғимарат.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

12. Кәсіпорын өз атынан мүлктік және мүлктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болады, оларды жүзеге асырады, сотта талапкер және жауапкер болады.

13. Кәсіпорын міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Кәсіпорын қызметінің мәні: әлемдік үлгіге сай сапалы білім беру қызметі, еңбек нарығына бәсекелестікке қабілетті түлектермен қамтамасыз ету, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, жалпыға ортақ құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде адамның қалыптасуына, дамуына және кәсіби дамуына бағытталған қажетті жағдайларды жасау арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

15. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың ұлттық және жалпы адами құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуы үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету;

3) еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес теориялық оқыту мен өндірістік оқыту арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету;

4) кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын сұраныстарына уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

5) техникалық және кәсіптік білім бойынша білім беру бағдарламаларын өндіріспен интеграцияландыру.

16. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беру қолжетімділігін және сапалы кадрларды даярлауды қамтамасыз ету.

17. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтардан мамандарды дайындау;

2) мамандықтар бойынша жеке және заңды тұлғалармен жасасқан келісімшарттар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысында, тегін және кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша шартты түрде (ақылы) мамандарды даярлау;

3) нарық сұранысына сәйкес жаңа жұмысшы мамандықтарын ашу;

4) мамандардың біліктілігін арттыру;

5) әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;

6) оқу жоспары мен бөлінген сабақтан тыс уақытта жеке білім алушылармен пәндер бойынша (пәндер, циклдер) қосымша жұмыс ұйымдастыру;

7) пәндердің ғылыми негіздері (пәндер, циклдер) бойынша білім алушыларды тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру;

8) білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер мен өндіріс шеберлері арасында түрлі шаралар ұйымдастыру және өткізу: спорттық жарыстар, семинарлар, жиналыстар, конференциялар, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиетін дайындау және жүзеге асыру;

9) өндіріс шеберлері арасында мемлекеттік тіл үйрену курстарын, шет тілдерін, білім берудегі жаңа компьютерлік технологияларды, спорт сауықтыру жұмыстарын, басқа да білім беру түрлерін ұйымдастыру және өткізу;

10) интернетпен байланыс, баспа өнімдерін көбейту бойынша қосымша қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету;

11) Оқу-өндірістік жұмыстарын орындау өндірістік оқытудың оқу бағдарламаларына сәйкес тауарлар (жұмыстар мен қызметтер) шығаруды ұйымдастыру

12) кәсіби оқытуды ұйымдастыру (даярлау курстары, қайта даярлау және жұмысшылардың біліктілігін көтеру);

13) кәсіпорын ақылы түрде ұсынатын қызметтердің бағасы мемлекеттік басқару органымен келісіледі.

14) «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру;

15) WS стандартына сәйкес құзіреттілік орталықтарын ашу;

16) Кәсіпорынды бітірген студенттерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олардың өндірістік қызметін талдау, алынған мәліметтер негізінде білім беру үдерісін жетілдіру;

17) өз қаражаты есебінен жүзеге асыру арқылы мемлекеттік нормалар мен талаптарға, білім беру стандарттарына сәйкес оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтау, зертханаларды жабдықтау;

18) өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыру мақсатында қосымша қаржы және материалдық құралдар көздерін тарту;

19) білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту;

20) оқу үрдісінің жыл сайынғы кестесін әзірлеу және бекіту;

21) кәсіпорын қызметін басқару жүйесін ұйымдастыру, лауазымдық міндеттемелерді бөлу;

22) лауазымдық жалақыларға үстеме ақы мен қосымша төлемдерді, қызметкерлерге сыйақы төлеу тәртібін және мөлшерін белгілеу, оларға материалдық көмек көрсету;

23) ішкі еңбек тәртіптемесін, Кәсіпорынға қабылдау ережелері және басқа да жергілікті актілерге рұқсат беру әзірлеу және қабылдау;

24) республикалық заңнамада және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілерінде көзделген жеңілдіктер мен материалдық қолдау түрлерімен студенттердің жекелеген санаттарын ұсыну;

25) қайырымдылық акциялары мен іс-шараларын өткізу;

26) осы Жарғыда қарастырылған мақсаттарға жету үшін басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

18. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында белгіленген тәртіпке сай мемлекеттік аккредиттеуден өтеді, Колледжге берілетін Мемлекеттік аккредиттеу туралы куәлік оның мемлекеттік мәртебесін, білім беру бағдарламаларының деңгейі, колледж санатын растайды. Аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары аккредиттеу мерзіміне, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге аккредиттелген білім беру бағдарламалары (мамандықтар) бойынша мемлекеттік аттестаттау рәсімінен босатылады. (ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 181 қаулысы)

19. Кәсіпорын қызметті кәсіпкерлік және өзге де табысты өндіретін қызметті өзінің құру мақсаттарына жету үшін ғана және осы қызметтің осы Жарғыда көзделген жағдайда осы мақсаттарға сәйкес жүзеге асыруға құқығы бар.

20. Кәсіпорынға осы Жарғыда қарастырылмаған қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

21. Кәсіпорын осы Жарғыда көрсетілген негізгі қызмет түрлеріне сәйкес Атқарушы орган белгілеген мемлекеттік міндетті жүзеге асырады.

22. Кәсіпорын қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

23. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

3.1. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

24. Білім алушы жеке өтініші бойынша оқуға түсетін және емтихандардан табысты өткен тұлға кәсіпорын басшысының бұйрығымен оқуға қабылданады.

25. Кәсіпорын үлгілік қабылдау ережесі негізінде ағымдағы оқу жылына қабылдау ережесін жасайды, оны мемлекеттік басқару органымен келіседі және оны облыс тұрғындарына мәлім етеді.

Азаматты Кәсіпорынға қабылдаудың кезінде соңғысы оны немесе оның ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін Кәсіпорынға қабылдау ережелерімен, білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша лицензиясымен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру регламенттейтін және басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

26. Білім алушыларды Кәсіпорынға қабылдау азаматтардың өтініш-арызы бойынша конкурс негізінде жүзеге асырылады:

1) өкілетті орган бекіткен мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде қабылдау жоспары бойынша мамандар дайындауға;

2) жеке және заңды тұлғалармен тікелей шарттар бойынша.

27. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі қабілетті, кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

28. Қабылдау ережесі бойынша келесі квоталар қарастырылған:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау.

29. Бірінші курсқа қабылдау Кәсіпорын басшысының бұйрығымен жасалады.

Оқуға түскеннен кейін және оқу кезінде студенттерге үлгідегі студенттік билет пен сынық кітапшасы беріледі.

3.2. Оқу және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру

30. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өз құрылымын қалыптастыруда және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, оқу-әдістемелік, қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруда дербес болады.

31. Ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, кәсіптік және техникалық білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

32. Лицензиялау рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

33. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу болып табылады.

34. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

35. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналып бекітілген оқу-тәрбие процесінің кестесі мен теориялық және практикалық сабақтардың бекітілген кестесі негізінде жүзеге асырылады.

36. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысының есебі теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналдарын және оқу сағаттарында оқу бағдарламаларының орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

37. Оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын тиісті үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары әзірлейді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары:

1) циклдер (модульдер) үшін оқу материалын меңгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемін 50 %-ға дейін және міндетті оқытуға жалпы сағат санын сақтай отырып, әрбір пән (модуль) бойынша 50 %-ға дейін және өндірістік оқыту үшін 60 %-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80 %-ға дейін) өзгертуі. Әрбір модульдің пәндері қажет болған жағдайда басқа модульдерге біріктіріледі.

2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдауы;

3) жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту және кәсіптік практика, оның ішінде модульдерге біріктірілген (енгізілген) пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту жағдайында 80 %-ға) және кәсіби модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту жағдайында 80 %-ға дейін) өзгерту. Міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушілердің талаптары бойынша қосымша пәндер (кәсіби модульдер) енгізу. Әрбір модульдің пәндері және жеке пәндер қажет болған жағдайда басқа модульдерге біріктіріледі.

4) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу және білім алушыларды аралық аттестаттау нысанын, тәртібін және кезеңділігін таңдауы мүмкін. (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.)

Үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары техникалық және кәсіптік білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес әзірленеді.

38. Оқыту білім алушылардың таңдауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

39. Оқу жылының ұзақтығы оқу жоспарымен (мамандық және оқыту түрлеріне байланысты) анықталады.

40. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақ кестесі оқу процесінің кестесіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

41. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және мамандықтың ерекшелігіне байланысты оқу процесінің ұйымдастырылуына қарай аяқталады. Білім алушыларға толық оқу жылы ішінде кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде қысқы мерзімде 2 аптадан кем емес демалыстар белгіленеді. Дуальді оқыту бойынша кәсіпорындармен шарт жасаған студенттер каникул уақытында кәсіпорындарда практикадан өте алады.

42. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақ кестесі оқу процесінің кестесіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

Оқу-тәрбие процесінің кестесі мен оқу сабақтарының кестесін білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

43. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді, 2 академиялық сағаттан кейін 10 минуттық үзіліспен қосарланған сабақтарға рұқсат беріледі.

44. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар (курстық және дипломдық жұмыстар) және практикалар түрінде өткізіледі.

45. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру ұйымдарында білім алушыларға оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін оқу топтары құрылады.

46. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу топтары оқытудың күндізгі нысанында мамандықтар бойынша саны 25 адамнан артық емес, сыртқы, кешкі оқыту нысанында кемінде 15 адамнан жинақталады.

47. Теориялық оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді). Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

(ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 181 қаулысы, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы).

48. Кәсіптік практика колледждердің оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында, полигондарында, оқу шаруашылықтарында және шарттық негізде практика базалары ретінде белгіленген кәсіпорындарда, ұйымдарда өткізіледі.

49. Мамандық бейіні бойынша кәсіптік практика (технологиялық және диплом алдындағы) колледж мен кәсіпорындар (мекемелер) арасында жасалған

келісім-шарттар негізінде жүзеге асырылады. Практика базалары болып табылатын ұйымдармен шарттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімдемесінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13227 болып тіркелген) Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған шарттың үлгілік нысаны негізінде жасалады.

50. Тізбесі оқу жоспарына сәйкес анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде, оның ішінде дене тәрбиесі мен жекелеген пәндер бойынша, шеберханаларда (оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту кезінде оқу топтарының саны 13 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

51. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері және мазмұны мемлекеттік білім берудің міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыс оқу жоспары мен оқу жоспарларымен анықталады.

52. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5191 болып тіркелген) жүзеге асырылады.

53. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Курстық жобалар (жұмыстар) аталған пән және (немесе) модуль бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін пәннің және (немесе) модульдің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалады.

54. Білім алушыларға жұмыс біліктілігін беру бойынша аралық аттестаттау өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен біліктілік комиссиясы құрылады.

55. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдау) аталған пән бойынша семестр бойы сабақ берген оқытушы жүзеге асырады.

56. Аралық аттестаттауға барлық практикалық, зертханалық, есеп айырысу-кестелік және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және әрбір пән бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алмаған білім алушылар жіберіледі.

57. Сараланған бағалармен («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз») өткізілетін сынақтар курстық жобалар (жұмыстар), кәсіптік практика бойынша, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша жүргізіледі.

58. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің және (немесе) модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады.

59. Аралық аттестаттауға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі.

60. Емтиханға 1-2 пәннен және (немесе) модульден қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушы білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен, ал екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңестің шешімімен жіберіледі.

61. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының рұқсатынсыз (оқу ісі, ақпараттық жұмыстар жөніндегі басшының орынбасарынан, бөлім меңгерушісінен басқа) бөгде адамдардың қатысуына болмайды.

62. Сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беретін оқу орнының басшысы оны тапсыруға жеке мерзімді білім беру ұйымдарының бекітілген бұйрығымен белгілейді.

63. Емтихан тапсыру, сондай-ақ курстық жобаларды қорғау кезіндегі білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады: (5 – «өте жақсы», 4 – «жақсы», 3 – «қанағаттанарлық», 2 – «қанағаттанарлықсыз»).

64. «Қанағаттанарлықсыз» (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық рұқсат етілмейді.

65. Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға пәнді жүргізетін оқытушыға, модуль шеңберінде оқытушыларға белгіленген мерзімде бөлім меңгерушісі жазбаша түрде рұқсат берген жағдайда жіберіледі (немесе сабақ беретін оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің (модульдің) бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады).

66. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үшеуден артық қанағаттанарлықсыз деген баға алған білім алушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен оған белгіленген үлгіде анықтама беріліп, білім беру ұйымынан шығарылады.

67. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшіріледі.

68. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды.

69. Ағымдағы семестрдің пәндері және (немесе) модульдері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес зертханалық, практикалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды «өте жақсы» деген бағаға тапсырған үздік білім алушыларға ағымдағы оқу сабақтарынан қол үзбей, мерзімінен бұрын аралық аттестаттаудың емтихандарын тапсыруға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен рұқсат беріледі.

70. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғауды қамтиды.

71. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

72. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен 35% арақатынасында құрылады.

73. Комиссия қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде қорытынды аттестаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылады.

74. Комиссия:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларында белгіленген білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігін;

2) білім алушылардың өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша нақты білім, іскерлік деңгейін және практикалық дағдыларын, кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

75. Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспауы қажет.

76. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі.

77. Комиссияға мынадай материалдар мен құжаттар ұсынылады:

- 1) мамандық бойынша оқу жұмыс жоспары;
- 2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы басшысының білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығы;
- 3) білім алушылардың қорытынды бағаларының жиынтық ведомосы;
- 4) оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтиханға енгізілген емтихан билеттерінің жиынтығы мен сұрақтар тізбесі;
- 5) білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімін жылжытуға құқығын растайтын құжаттар.

78. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыру немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғау нысанында өткізіледі.

79. Пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі.

80. Диплом жобасын (жұмысын) қорғау қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі комиссияның ашық отырысында кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізіледі. Бір диплом жобасын (жұмысын) қорғау ұзақтығы бір білім алушыға 30 (отыз) минуттан аспауы тиіс. Диплом жобасын қорғау үшін білім алушы ұзақтығы 10 (он) минуттан аспайтын баяндама жасайды. Диплом жобасын (жұмысын) қорғаудың нәтижесі өткізілген күні жарияланады. Ауызша қорытынды емтиханның ұзақтығы бір білім алушыға 15 (он бес) минуттан аспауы тиіс.

81. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қорытынды аттестаттау өндірістік оқыту бойынша практикалық жұмысты тапсыру нысанында орындалатын іс-әрекеттерді түсіндіре отырып, басшының міндетті түрде қатысуымен өткізіледі. Практикалық жұмысты қорғау үшін білім алушы жұмыстың орындалу кезеңдері туралы ұзақтығы 15 (он бес) минуттан аспайтын баяндама жасайды.

82. Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға қорытынды аттестаттау комиссиясы қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға рұқсат беру туралы шешім шығарады және оның мерзімін белгілейді. Қорытынды емтиханды қайта тапсыру «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған пән және (немесе) модуль бойынша ғана жүргізіледі.

Комиссия білім алушыға комиссия белгілеген бұрынғы жұмысын қайта қорғауға немесе жаңа тақырып әзірлеуді ұсынады.

83. Диплом жобасын қайта қорғаудан немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушыға мамандығы

(кәсібі) бойынша оқу курсын толық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

84. Тиісті құжаттармен дәлелденген, себепті жағдайлармен дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға және қорытынды емтиханды тапсыруға келмеген білім алушылар белгіленген мерзімде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшысының бұйрығы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберіледі.

85. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

86. Емтиханды оқу жоспарындағы барлық пәндердің және (немесе) модульдердің кемінде 75 пайызын «өте жақсы» деген бағамен, ал қалған пәндерді бойынша – «жақсы» деген бағамен тапсырған және дипломдық жобаны (жұмысты) «өте жақсы» деген бағамен қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі.

87. Біліктілік деңгейін көрсете отырып диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар және (немесе) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау нәтижелері негізінде қабылданады.

88. Комиссияның төрағасы екі апталық мерзімде аттестаттау аяқталысымен аттестаттау қорытындысы туралы есеп дайындайды.

89. Комиссия төрағасының есебінде: білім алушылардың аталған мамандық (кәсіп) бойынша даярлық деңгейі; білім алушылардың емтиханда анықталған біліміне сипаттама; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген сұрақтары бойынша білім алушылардың даярлығында кездесетін кемшіліктер; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері (мамандықтары) бойынша білікті кадрлар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

90. Комиссия төрағасы педагогикалық кеңеске комиссия жұмысының қорытындылары туралы баяндайды.

3.3. Кәсіпкерлік қызметтің болуы және түрлері

91. Кәсіпорын білім беру және басқа ақылы қызметтерді көрсету арқылы кіріс әкелетін қызметке қатыса алады. Қызметтер мен жұмыстардың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

3.4. Кәсіпорынның және оқушылардың, олардың ата-анасының және басқа заңды өкілдерінің қарым-қатынастарын реттеу және рәсімдеу

92. Кәсіпорындағы білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға құқылы.

93. Кәсіпорын білім алушыларға:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім алу үлгісіне сәйкес сапалы білім беруге;

2) кәсіпорынның педагогикалық кеңес алқаның шешімімен мемлекеттік жалпыға міндетті білім алу үлгісі шегінде жеке оқу жоспарымен, қысқартылған білім беру оқу бағдарламаларымен оқытуға;

3) өз бейімділігіне және қажеттілігіне байланысты ақылы қосымша білім алу қызметін алу;

4) кәсіпорынды басқаруға қатысу;

5) кәсіпорынның акпараттық қорларымен тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістеме құралдарымен қамтамасыз етілуге;

6) спорттық мүлікті, оқу залын, кітапхана қызметін тегін пайдалануға;

7) сабақ үлгерімі, ғылыми, шығармашылық және спорттық қызметтердегі жетістіктер үшін марапаттау және сыйлық беру;

8) ауруға шалдығудың алдын алу, денсаулықты шындау, денені жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру үшін қажетті шаралар орындауға кепілдік береді.

94. Кәсіпорын Жарғысында қарастырылған міндеттерді бұрмалаушылықтар үшін және ішкі тәртіп ережелерін мен оқу жоспарын орындамаған жағдайда білім алушыларды Кәсіпорыннан шығаруға дейін баратын тәртіптік ықпал жасау шаралары қолданылуы мүмкін

95. Білім алушыларды Кәсіпорыннан шығару:

- өз тілегі бойынша;

- дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытынды-анықтамасы негізінде денсаулығына байланысты;

- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;

- аралық аттестаттау нәтижелері бойынша академиялық үлгермеушілігі үшін;

- сабақтан үнемі дәлелсіз себептермен қалғаны үшін;

- оқу, жатақхана тәртібін, Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін, Жарғыны бұзғаны үшін;

- Әскери Күштер қатарына шақырылғанда;

- оқудың ақысын уақытында төлемегенде, білім алушы қысқы және жазғы емтихандық сессияларға, мемлекеттік емтихандарға және диплом жобасын қорғауға жіберілмейді, одан кейін Кәсіпорыннан шығарылады.

96. Білім алушыларды Кәсіпорынға қайта алу төмендегіше жүргізіледі:

- оқушылардың өтініші бойынша;

- Әскери Күштер қатарынан босатылғаннан кейін;

- оқуға қарызын өтегеннен кейін.

97. Білім алушылар қатарына қайта алу:

оқу орындарынан бұрын шығарылғандар оқудағы үзіліс ұзақтығына, шығарылу себептеріне және еңбек өтілінің бар-жоқтығына қарамастан басшының бұйрығымен оқудың барлық түрлеріне білім алушылар қатарына қайта алынады;

басшы екі апта мерзімде ауыстыру немесе қайта алу туралы өтінішті қарап, оқуға қабылдаудың мерзімін, курсты және басқа жағдайларды анықтауға немесе оқуға қабылданбауының себебін көрсетуге міндетті.

98. Білім беру ұйымдарында бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысу Кәсіпорын басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

99. Егер білім алушы білім беру ұйымымен білім беру қызметтерін көрсету туралы жеке шарт жасаса, онда оның басқа білім беру ұйымына немесе бір мамандықтан екіншісіне ауысуы үшін аталған шарттың өзгертілуі немесе бұзылуы қажет.

100. Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыруға төрт оқу пәнінен аспайтын академиялық айырмашылық болғанда жол беріледі.

101. Білім алушының ата аналары қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершілік артады.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

102. Кәсіпорынның жалпы басқаруын «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

103. Кәсіпорынның басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады.

104. Кәсіпорын заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Кәсіпорынның жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша республикалық мемлекет кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы не қазыналық кәсіпорын) айқындайды, жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді;

4) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай

пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) Тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорында бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды; мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды; мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді; мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

105. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорын жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Кәсіпорынға жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

106. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

107. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

108. Кәсіпорын қызметті жүзеге асыруы барысында Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Кәсіпорын мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Кәсіпорынның іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерді қоспағанда, Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және қызметтен босатады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолдануға және Кәсіпорын қызметкерлерін көтермелеу жөнінде шаралар қолдануға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұйрықтар шығарады және Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді

9) Кәсіпорын орынбасарларының, бөлім басшыларының міндеттерін және өкілеттіктерін айқындайды, Кәсіпорынның қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен, осы Жарғымен (нормативтермен) және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11) Дербес жауапкершілікте болады:

- кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

- оқу-тәрбие процесінің жай-күйіне, мамандардың сапалы даярлануына және Кәсіпорынның жалпы жұмыс жағдайына жауапты болады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

109. Білім алушыларға сабақ беру мен тәрбиелеуді, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін арттыру мақсатында кәсіпорында алқалы органдары құрылады.

110. Колледждің алқалық басқару нысандарына мыналар жатады: колледж кеңесі, педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық кеңес және колледждің келісім комиссиясы.

5-тарау. Кәсіпорын мүлкі

Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

111. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

112. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

113. Шаруашылық жүргізудегі (жедел басқару) мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

114. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

115. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

116. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

117. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

118. Кәсіпорын (жедел басқару құқығында) осы Жарғының 115 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана (немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) беруге және есептен шығаруға құқылы.

119. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

120. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 117 және 119 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

121. Кәсіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

122. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

123. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған жеке табыс және бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

5.1 Кәсіпорынның қаржыландыру көздері

124. Кәсіпорынның негізгі қаржыландыру көздері:

- мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетуден түскен кірістер; демеушілік және қайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар мен қайырмалдықтар болып табылады.

125. Кәсіпорынды қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асады.

6-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

126. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

127. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

7-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

128. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктің алып қоюға жол берілмейді.

129. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған

кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

8-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

130. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті орган белгілейді;

131. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

132 Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

133. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін уәкілетті орган белгілейді.

9-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

134. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

135. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.;

136. Педагог қызметкердің:

- кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

- тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

- жеке педагогтік қызметке;

- кәсіпорынды басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

- педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

- өзінің кәсіби ар намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

- ғылыммен айналысу үшін педагогтік өтілі сақталатын шығармашылық еңбек демалысына;

- заңмен белгіленген тәртіппен, Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануына құқығы бар.

137. Педагог қызметкер:

- өзінің кәсіптік құзіреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

- білім алушыларды жоғары имандылық, ата аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

- білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеун, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

- өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

- бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

- педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

- білім алушылардың және олардың ата аналарының абыройы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті.

138. Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

139. Кәсіпорында жұмыс істеуге педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

140. Кәсіпорын қызметкерлерлерінің нақты міндеттері еңбек шартының талаптарымен реттеледі.

141. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түріне тартуға жол берілмейді.

142. Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануына тыйым салынады.

10-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

143. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

144. Кәсіпорын заңнамалық актілерде көзделген басқа негіздер бойынша да таратылуы мүмкін.

145. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлкін құрылтайшы қайта бөледі.

146. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлкі мен ақшалай қаражаты облыстық бюджеттің кірісіне аударылады.

11-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

147. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

Басшы м.а

Шолтанова З. Е

Т.А.Ә.А.


қолы